

«Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы және «Қазақстан Даму Банкі» акционерлік қоғамындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 3 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Ислам банктерінің бухгалтерлік есеп жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 27 наурыздағы № 46 қаулысына ақпараттық анықтама

«Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы және «Қазақстан Даму Банкі» акционерлік қоғамындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 3 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Ислам банктерінің бухгалтерлік есеп жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 27 наурыздағы № 46 қаулысы ислам банктерінің бухгалтерлік есепті жүргізу тәртібін жетілдіру мақсатында әзірленген.

Қаулы келесіні қамтиды:

- редакциялық өзгерістерді, инвестициялық депозит шарттарында тартылған клиенттердің ақшасын сенімгерлік басқарумен байланысты ислам банктерінің операцияларын көрсету тәртібін жетілдіруді қамтитын заң техникасының талаптарымен байланысты ислам банктердің бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты жаңа редакцияда бекіту;

- екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы және «Қазақстан Даму Банкі» акционерлік қоғамындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарына өзгерістерді енгізу, соның ішінде, инвестициялық депозит шарттарында тартылған клиенттердің ақшасын сенімгерлік басқару кезінде ислам банктерінде пайда болатын кіріс/шығыстарды іске асырылған/іске асырылмаған деп жіктеу қажеттілігі туралы талапты жою, инвестициялық депозит қаражаттарының есебінен сатып алынған активтерде пайда болатын құнсыздануды есепке алу бойынша шоттармен толықтыру, сонымен қатар, редакциялық және нақтылау сипатындағы өзгерістер.

Қаулы Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде 2017 жылдың 12 мамырында №15117 бекітілген.

Қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.